

айтып өткен болатын. Әлемдік дамыған елдердің өздері алға мақсаттар қойып, әрі қарай дамуды көздеп отыр, ал Қазақстан үшін бұл үлкен сын, сол сыннан сүрінбей өтіп, еліміздің дамуын мақсат ету әрбір қазақстандық азаматқа міндет[1].

Жолдаудағы басты басымдықтарда дамудың жеті бағытын атап өткен болатын. Олар: инновациялық индустрияландыру трендін түзеу және күшейте түсу маңыздылығына, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру маңыздылығына, ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру негізділігіне, инфрақұрылымдық ұштаған – агромеридианың, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету керектігіне, шағын және орта бизнесті дамытуға, қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға, мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіруге бағытталған болатын.

Осы басымдықтар негізінде Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа түсіру маңыздылығына тоқталып өтсек. Агроөнеркәсіп кешені еліміздің басты әрі дәстүрлі саламыз екендігі баршаға мәлім. Себебі, ықылым заманнан бері ата бабамыздың сара жолы осы ауыл шаруашылығы екендігі белгілі жайт. Ал сол сара жолды жаңа бағытқа икемдеп, дамыту арқылы, біз өз болашағымыздың әл-ауқатын арттыра аламыз. Ел дамыған сайын, халық саны арта түсетіні хақ, ал сол халықты азық түлікпен қамтамасыз ету осы ауыл шаруашылығы кешеніне байланысты болғандықтан, осы кешеннің жұмысын барынша қадағалап, арттыруды міндеттеу керектігін Елбасымыз айтып өткен болатын. Осы жолда не істеу керек екендігі жолдау барысында айқындалып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сапалы, әрі қажетті мөлшерде өндіру арқылы еліміздің фермерлеріне жақсы жағдайлар жасала бермек. Осы саланы инвестициялау арта түспек, сол арқылы осы бағытта өз қызметтерін атқарып отырған тұлғалар өз өнімдерін бәсекеге қабілетті, жаһандық ауыл шаруашылығы өндірісінде өз орнын алатындай болуына барлық жағдай жасалынатынын Елбасы айтып отыр. Сол қаржыны ұтымды пайдалану, жаңа технологияларды, ғылыми жетістіктерді енгізу арқылы әлемдік стандарттарға сай келетін ауыл шаруашылығы өнімінің сапасын әрі санын арттырып, өзін-өзі әлемге ұсына білу әрбір фермерге міндеттеліп отыр.

Осы жолда Президентіміз бірқатар ұсыныстар беріп өткен болатын. Атап айтсақ:

біріншіден, жер нарығын қалыптастыру және тиімді етіп құру, яғни ауылшаруашылық жерлерін игеруге, оны дамытуға инвестиция-

лар тарту, озық технологияларды енгізу, фермерлер жұмысына келтіретін кедергілерді азайту арқылы фермерлердің жұмысын қалыптастыру, тиімді жұмыс атқаруға жағдай жасау;

екіншіден, біздің фермерлер жерді өңдеп, өнімді шикізат ретінде ғана шығарып қоймай, оны әрі қарай өңдеу өндірісін арттыруды қолға алу, яғни шағын және орта бизнес түріндегі жаңа өңдеу кәсіпорындары желісін құру арқылы өзіміздің өнімдерімізді өңдеп, дайын тауар ретінде әлемдік нарыққа шығу, осы тұста шағын және орта бизнесті несиелендіру, ұзақ мерзімді қаржыландыру көзделіп отыр, сол арқылы өзіміздің фермерлердің делдалсыз нарықта өз өнімдерін өткізе алатындығын атап өтті;

үшіншіден, Қазақстанды ет және сүт өнімдерін экспорттайтын өңірлік ірі елге айналдыру, егін шаруашылығында суды көп қажет ететін тиімділігі төмен дақылдар көлемін қысқарту, оларды көкөніспен, майлы және азықтық өнімдермен алмастыру, агрохимикаттарды тиімді тұтынудың, қуаң жерлерде топырақты нөлдік өңдеудің заманауи технологиялары мен өзге де инновацияларды қолдануды кеңейту керектігіне назар аударды.

Осы жолда Елбасы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, 2030 жылға қарай егіс алқаптарының 15%-ы суды үнемдеу технологияларына көшірілетінін, аграрлық ғылымды дамытып, сынақтық аграрлық-инновациялық кластерлер құру қажеттігін, сонымен қатар, табиғи азық-түлік өндірумен қатар құрғақшылыққа төзімді гендік-модификацияланған өнімдер өндірісін жүргізу маңыздылығын да атап өтті [2].

Әлем бойынша ауыл шаруашылығы өндірісі оның өңдеу саласымен тығыз байланысты. Яғни өз өнімдерін өндіріп қана қоймай, оны өңдеу, экспортқа шығарып сату, көп елдерде қолға алынған. Ал біздің еліміз ауыл шаруашылық өнімдерін тек шикізат ретінде ғана экспорттап отыр. Осыған байланысты Президентіміздің нұсқауы бойынша соңғы үш жылда сүт және ет бағытындағы фермалар құрылысына, бордақылау алаңдарын, құс фабрикаларын, жылыжай мен көкөніс сақтау қоймаларын салуға орасан зор қаржы жұмсалып, өнім өндірісі қолға алынды. Сонымен қатар сапалы өнім шығару мақсатында мал шаруашылығы бойынша барлық ветеринариялық сақтық шараларын сақтау, халықаралық стандартқа сай жұмыс атқаруды бақылауды Елбасы Үкіметке, әкімдер мен «ҚазАгро» холдингіне оларды тиісті деңгейге жеткізуді және өнімдер шығаруын ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

Әлемдік аграрлық-экономикалық ғылымда шаруа кооперациясының жұрт мойындаған



идеологы саналатын А.В.Чаяновтың кооперативтік айқындамасының қалыптасуы маңызды роль атқарады. Ауыл шаруашылығы өндірісін кооперативтік форма негізінде ұйымдастырудың мәнін түсіндіруде А.В.Чаяновтың еңбегі зор. Оның танымында кооперация процесі келесі түрде көрсетіледі: «жер өңдеу құралдарын дайындау саласы бойынша ұсақ тауар өндірушілердің қарапайым бірігуінен бастап, кооперация біртіндеп ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудың кооперативтік ұйымына көше отырып, жүздеген мың ұсақ тауар өндірушілерді біріктіретін аса ірі доқа құрылады». Бұл делдалдықтың операциялық қызметі өзінің кең ауқымы және мығымдығымен ерекшеленеді, оның негізінде жақсы жұмыс жасайтын мықты кооперативтік аппарат қалыптасып, капиталдың алғашқы жинақталуы жүзеге асады. Нарық талаптарының қысымы түрткі болатын келесі кезеңде өнім өткізу кооперативтерінің жанынан май шайқау, консерві шығару және т.б. өндірістің көмегімен ауылшаруашылық шикізатын алғашқы өңдеуді ұйымдастыру негізінде шаруа қожалықтарынан сәйкес салаларды бөліп көрсетеді және ауылды индустрияландыру барлық ауыл шаруашылығы топтарының позицияларымен жинақталған [3.76-776].

А.В.Чаянов ауыл шаруашылығы кооперациясын келесі түрде сипаттады: «шаруа кооперациясы дегеніміз шаруа қожалығының жетілген, ұйымдасқан түрі, ол ұсақ тауар өндірушіге өзінің жекелігінен ажырамастан, өзінің ұйымдық жоспарынан өндірістің ірі нысаны ұсақ өндіріске қарағанда басы боларлық кей элементтері бөліп алып, оларды кей жағдайда жалдамалы еңбекті пайдаланатын өндірістің сол ірі нысанына топтастыру» [3.846].

«Кооператив – бұл ең алдымен шаруашылықтар одағы, бұл одаққа кіруден шаруашылық тарап кетпейді, бұрынғысынша дербес шаруашылық болып қала береді. Олар тек салыстырғанда тиімдірек болған салдарынан біріктіріп, одақтық ұйымға айналдырылады. Ауылшаруашылық кооперативі жеке шаруа қожалығына қосымша болып табылады, оған қызмет етеді және ол шаруашылықтарсыз оның мағынасы болмайды» [3.1116.] - деп А. Чаянов атап көрсеткен болаты.

Осыған орай, Қызылорда облысында шаруа (фермер) қожалықтарын тиімді дамыту үшін мемлекеттік қолдау жүйесін қолдану, ауыл шаруашылығы өнімдердің шағын көтерме саудасына маманданған желіні құру және қалыптастыру, жерге қатысты салық пен несиелік саясатты жетілдіру қажет.

Бүгінгі таңда халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары көптеген объективті және субъективті себептерге байланысты өндірістің көлемі, тауарлығы және табысы бойынша әр түрлі сипатқа ие.

Жеке қосалқы шаруашылықты дамыту өңірлік ерекшеліктерге, олардың жүргізілуі, өндірістік түрі және мөлшері, отбасылық елді мекендердің түрі, демографиялық сипаттамасына байланысты. Мұндай айырмашылықта табиғи-климаттық жағдайға, аумақтың игерілу дәрежесіне, қала мен темір жол бекеттерден қашықтығына, урбанизациялау деңгейіне және ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен олардың әкімшілік статусына байланысты болады.

Облыстың жеке қосалқы шаруашылықтарындағы өндіріс деңгейіне келтірілген талдаудан төмендегідей қорытынды шығаруға болады.

Біріншіден, облыстағы азық-түлік тауарлары мәселесін шешудегі жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесі жоғары (60%), сондықтан оларға негізгі өнім өндірушілердің бірі ретінде ғана емес, ауылдық елді мекендердегі жеке кәсіпкер деп қарауымыз керек. Осыған байланысты тауарлық жеке қосалқы шаруашылықтарға ұжымдық және шаруа қожалықтарына көрсетілген мемлекеттік қолдаулар (бағаның, маркетингтің, несиелік) көрсетілуі керек.

Екіншіден, қаржының жетіспеушілігі мен несиелік қорлардың аздығына байланысты жеке қосалқы шаруашылықтардың көмегімен, ұжымдық шаруашылықтардағы қызмет көрсету мен өндірістік базаны кооперативтік негізде пайдалану маңызы артуы да сондықтан. Қаржы, сауда, дайындау мен сақтау секілді салаларға қызмет көрсетуші біріккен кооперативтердің құрылуы қажет.

Облыс шаруашылығы негізінен мал, егін, балық шаруашылықтарымен айналысады. Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2014 жылы 48,3 млрд.теңгеге бағаланып, өткен жылмен салыстырғанда 100,8% артқан болатын (1-кесте).

1-кесте. Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі, млн.теңге

	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж
Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі	44241,9	45362,6	48505,2	48569,1
Оның ішінде: өсімдік шаруашылығы	30886,0	27788,9	28980,6	29802,8
мал шаруашылығы	12880,7	17056,8	18627,9	17987,9
*Ескерту - Қызылорда ауылшаруашылығы статистикалық жинақ мәліметтері негізінде				



мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде дәнді дақылдар 79,2 мың, мал азығындық дақылдар 53,9 мың, картоп, көкөніс, бақша 22,5 мың га, майлы және техникалық дақылдар 1,9 мың гектарды құрады (2-кесте).

Облыс бойынша өсірілген 74,0 мың га күріш дақылы уақтылы жиналып, барлығы 360,8 мың. тонна күріш салысы қамбаға құйылды. Орта өнімі гектарына 38,8 центнерден келді. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғарғы көрсеткіш (3-кесте).

Аудандар бойынша	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж
Шаруашылықтың барлық санаттары бойынша				
Қызылорда облысы	160866	163954	159812	157512
Қазалы	18979	19156	17542	17690
Шаруа (фермерлік) қожалықтары бойынша				
Қызылорда облысы	46327	50199	51925	57784
Қазалы	1311	1218	1360	1492
Оның ішінде:				
Дәнді дақыл алқабы	885	936	860	885
*Ескерту - Қызылорда ауылшаруашылығы статистикалық жинақ мәліметтері негізінде				

Аудандар бойынша	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж
Шаруашылықтың барлық санаттары бойынша				
Қызылорда облысы	38,5	34,7	34,6	37,3
Қазалы	32,5	29,9	29,7	36,1
Шаруа (фермерлік) қожалықтары бойынша				
Қызылорда облысы	38,4	36,0	37,3	39,5
Қазалы	32,4	31,8	30,2	28,2
Оның ішінде:				
Күріш	32,4	31,8	30,2	28,2
Бақша дақылдары	46,7	135,0	-	165,0
*Ескерту - Қызылорда ауылшаруашылығы статистикалық жинақ мәліметтері				

бүгінгі күнге дейін биылғы жиналған күріш өнімінен 2347 тонна күріш салысын қабылдады. Күріш салысы сапасына қарай 1 кг 40 теңге және одан жоғары бағада қабылдануда. Бұл шара өз кезегінде күріш бағасын тұрақтануына септігін тигізуде. Осы шаруашылықтарға көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 7,4 млрд. теңге қаржы қажет. Осыдан 19,8 мың гектар күріш егетін 15 шаруашылық «Агрохолдинг» Байқоңыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 1,9 млрд. теңге, 18,8 мың гектар күріш егетін 135 шаруашылық аудандарда құрылған несие серіктестерінен 1,9 млрд. теңге, 3,5 мың гектар күріш егетін 6 шаруашылық селолық тұтыну кооперативтерінен 353,2 млн. теңге несиелік қаржы алуды жоспарлап отыр. Ал 30,8 мың гектар күріш егетін 230 шаруашылық өз қаржысы (3,2 млрд. теңге) есебінен қаржыланатын болып отыр[4].

Облыста күріш кластерін дамыту мақсатында, яғни облыста өндірілетін күріштің бәсекелестігін арттыру бағытында биылғы жылы консорциум құрылды. Осыған сәйкес, облыс көлемінде күріш кластерін қалыптастыру мақсатында «Жалағаш элеваторы» ЖШС-гі сатып алынды. АгроХолдингтің жарғылық капиталын қалыптастыру мақсатында «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ-нан 500 млн. теңге бөлінді.

.....

Алдағы уақытта көктемгі егіс және егін егу жұмыстарына тиісті қаржымен қамтамасыз ету жұмыстары басты назарда болады. Ауыл шаруашылығы құрылымдарының машина трактор паркін жаңалау мақсатында, биылғы жылы 50 ат күші бар доңғалақты трактор жинастыру жөнінде «АралАзов Агромаш» БК ЖШС мен «АМТ» Белград компаниясы арасында келісім шарт жасалды. Оның 50 пайыз қаржысы аударылып, 15 дана трактордың жинақтаушы құрал жабдықтары алынды.

Жыл сайын ауыл шаруашылығы құрылымдарының машина-трактор паркі жоғарғы қуатты жаңа техникалармен толықтырылуда. Өткен жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ы арқылы лизингке 99 дана жаңа техника сатып алынса, биылғы жылы 121 дана техника алынды.

Облыста мал шаруашылығын дамыту басты міндеттердің бірі. Осыған байланысты, «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 2011-2015 жылдарға арналған

кешенді жоспарына сәйкес, облыста фермерлік шаруашылық ұйымдастыру үшін 8700 бас тауарлы сиыр, 5000 басқа арналған ірі қара малын бордақылайтын алаң ұйымдастыру жоспарланған.

2014 жылы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ы арқылы 73 шаруа қожалығы 468,3 млн. теңге несие алып, 2644 бас сиыр және 142 бас асыл тұқымды ет бағытындағы бұқа алды. Бұдан өзге шаруашылықтардың өз қаржылары есебінен ет бағытындағы асыл тұқымды «Қазақтың ақбас» сиыры тұқымының 100 бас қашары мен 20 бас бұқасын және «ҚазАгроӨнім» АҚ-на еншілес «KazMeat» ЖШС-нен ет бағытындағы мал шаруашылығын ұйымдастыру мақсатында 37 млн. теңге несие алып, 210 бас тауарлы сиыр және 7 бас ет бағытындағы асыл тұқымды бұқа сатып алды.

Жыл басынан бері облыс бойынша аталған бағдарлама аясында барлығы 2954 бас сиыр мен 169 бас бұқа сатып алынып, жоспар 123,1 пайызға орындалды.

4-кесте. Шаруашылық жүргізудің барлық нысандарындағы ауыл шаруашылығы құрылымдарының саны, шаруа (фермер) қожалықтарын қосқандағы

Аудандар бойынша	2011ж	2012ж	2013ж	2014ж
Қызылорда облысы	3094	3014	3035	4347
Арал	340	344	355	383
Жалағаш	301	300	290	423
Жаңақорған	704	662	674	975
Қазалы	272	267	269	363
Қармақшы	154	163	168	264
Сырдария	358	362	376	527
Шиелі	438	470	491	761
Қызылорда қаласы	527	446	412	651
*Ескерту - Қызылорда ауылшаруашылығы статистикалық жинақ мәліметтері негізінде				

«Сыбаға» бағдарламасының аясында ағымдағы жылы 500 бас мүйізді ірі қара малына арналған жалпы құны 139,0 млн. теңгені құрайтын бір мал бордақылау алаңының құрылысы үстіміздегі жылдың қазан айында бітіп, іске қосылды. Алдағы уақытта мал шаруашылығын дамытуда, ҚР Президенті Н. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша қабылданған «Агробизнес - 2020» бағдарламасының мүмкіншіліктері толығымен пайдаланатын болады.

Ауыл шаруашылығы даму барысында елдегі азық-түлікке деген қауіпсіздік орнайды. Статистикалық мәліметтер бойынша азық-түлік тауарларының индексі 2013 жылдың қыркүйек айын өткен жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда облыс бойынша 101,9 пайызды (республика бойынша 101,6 пайыз) құрады.

Облыс тұрғындарын негізгі азық-түлік өнімдерімен қол жетімді бағада тұрақты қамтамасыз ету мақсатында жыл басынан

бастап 21 жәрмеңке ұйымдастырылып 49,1 млн. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері нарық бағасынан 10-15 пайызға төмен сатылды.

Қызылорда облысы бойынша өз жұмыстарын жақсы, сапалы әрі тиімді пайдаланушы бірқатар кәсіпорындар мен шаруа қожалықтары жұмыс атқарады. Атап айтсақ: Берекет ШҚ, Құланды ШҚ, РЗА ШҚ, Абзал и К ЖШС, Шаған Жер ЖШС, Ақжарма Жер ЖШС, Ынтымақ ЖШС және т.б. Олардың өз жұмыстары қазіргі уақытта жақсы, әрі тиімді атқару барысында.

Жұмыстың дер кезінде атқарылып, тиімді қызмет ету барысына жоспарлар мен атқарылатын міндеттердің әсері жоғары болмақ. Осыған байланысты облыстың ауыл шаруашылығы саласында 2014 жылы атқарылатын міндеттері мынадай:

- 2014 жылдың егісіне қажетті ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымының мерзімінде дайындалуына ықпал жасау;

